

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

15. Сеть мира мультипликации. www.awn.com.
16. Американская киноассоциация. www.mpa.org.

ӘОЖ 7.747.017.4

ИНТЕРЬЕРДЕГІ ТҮСТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМҒА ӘСЕРІ

Жанбырбаева Айгерим Куановна

aikona_95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Бозтай Зәмзәгүл Беккұлқызы

zamza09@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі.

Күнделікті өмірде түстердің адам баласына, әсіресе балалардың физиологиясына және психологиялық сезімдеріне қатты әсер ететіні қазіргі таңда белгілі. Түстік шешім адам өмірін не қиындатып, не жеңілдетіп жіберуі мүмкін. Сондықтан адамдар түстердің үндестігіне (үйлесімділігіне) талпынады. Яғни, тұрғын үйдің интерьерін сәндеуде түстік гамманы, тұтыну заттарын мұқият таңдауға тырысады. Сонымен қатар, адамға сыртқы ортаның түстік гаммасының әсер етуі өте маңызды. Ежелгі заманнан бері табиғаттың түстік палитрасы адам үшін эмоционалдық сезім мен әсерленушіліктің сарқылмас көзі болып табылады. Қоршаған орта туралы түсініктің көбісін адам түстерді қабылдау арқылы алады. Мамандардың айтуы бойынша, түстік түйсіктердің ортақ жиынтығын бөлменің түстік климаты деп атауға да болады. Бөлменің ішкі көрінісін жобалағанда, олардың түстік палитрасының шешімі, негізінен, көркемөнер мақсаттарына тікелей байланысты болып келеді, ал бөлменің түстік климаты адамның психофизиологиялық қасиеттеріне жағдай жасау арқылы жасалынады.

Ежелгі кезден-ақ адам түсті өзінің шығармашылығының мәнерлілігі (айқындылығы) үшін қолданатын болған. Бұған үңгір ішіндегі суреттер, Ассириялық зиккуратының түрлі-түсті қабаттары, Мысыр молалары мен саркофагтарының жазбалары, боялған ғибадатханалар мен ежелгі Грекияның мүсіндері және тағы да басқалары куә бола алады. Әрине, түс адамның нысанды қабылдауына үлкен ықпал етеді.

Қазіргі уақытта түсті практикада қолдану құрылымды және жүйелі түрде болып келеді. Физика, оптика, физиология және психология сияқты ғылымдар түстің бойында адамның өмірлік іс-әрекеттері үшін және де жұмыс пен демалысы үшін қолайлы жағдайларды тудыруға ықпал ететін қасиеттердің бар екендігін дәлелдеген. Сонымен қатар түстің адамды бойында белгілі бір іс-әрекеттерге ынталандыратын қасиеттердің бар екенін де дәлелдеген. Адам сыртқы ортаға карағанда, бөлме ішіндегі түсті аңғырақ сезеді. Өйткені жабық кеңістік заттық ортаны тығыз және ұзақ мерзімді байланысқа тартады [1, Б. 15-16].

Кез келген түсті адамның ішкі тепе-теңдігін қалпына келтіру үшін пайдалануға болады. Әрбір жеке тұлғада өзінің бірегей энергетикалық-ақпараттық жүйесі бар болғандықтан, сол адам үшін ең қолайлы болып табылатын түстер мен реңдерді табу қажет. Осы қолайлы түстер адамға өзімен және де қоршаған ортамен үйлесімді өзара іс-қимыл құруға мүмкіндік береді. Түстің жеке тұлғаға әсерінің 3 түрі бар: физикалық, оптикалық және эмоционалдық. Физикалық әсер ету деп түстің адам физиологиясына әсер етуін айтамыз.

Адам ағзасына тікелей физиологиялық әсер ететін құбылыстарға: қызыл және көк түстер, әсіресе, олардың ең жоғарғы қарқындылығы кезінде туындаған құбылыстарды жатқызуға болады. Мысалы, қызыл түс адамның жүйке-жүйесін толғандырып, қысымын арттырады және бұлшықеттер жұмысын қарқындатады. Көк түс, керісінше, адамның жүйке жүйесіне тыныштандыратын, тежеулететін әсер береді. Осылайша қызыл, сары және

қызғылт-сары экстраверсияның түстері болып табылады. Ал көк, күлгін және жасыл түстер тобы бейтарап интроверсияның түстер тобына жатады. Яғни, экстраверсия кезінде импульстер сыртқа, ал интроверсия кезінде импульстер ішке қаратылған [2, Б. 28-30].

Түр-түс тану ғылымында бұл топтарды жылы және суық түстер тобы деп атайды.

Жеке түстер сипаттамасы төменде келтірілген 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Түстердің негізгі сипаттамасы

Түстер	Қоздыратын	Ауыр тиетін	Тыныштандыратын
Қызыл	+		
Қызғылт-сары	+		
Сары	+		
Жасыл			+
Ашық көк			+
Күлгін		+	
Қара сұр		+	+
Қара		+	

Түстің эмоционалдық әсері әртүрлі факторлардан туындаған, соның ішінде: байланыстар, қосарласқан сезім және тағы да басқа құбылыстар. Қосарласқан сезім дегеніміз- бір сезу мүшесінің тітіркенуі кезіндегі, басқа сезу мүшесінің қозуы болып табылад [3, б. 30].

Зерттеушілер адамның түсті қабылдауының мынадай психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді:

Қызыл: өмірлік энергия түсі, ынталандыратын және қоздыратын түс. Бұл түс белсенді және активті әрекеттер қажет болатын жерлерге ұсынылады.

Сары: ақыл-ой қабілеттерін арттырады және ақпаратты тез меңгеруге көмектеседі. Сары түсті көбінесе қадаланушылық және белсенді шығармашылық әрекеттерін қажет ететін бөлмелерде қолдану ұсынылады.

Қызғылт-сары: күннің түсі, жылытады және адамның көңіл-күйін көтереді. Қызғылт-сары түс пассивті адамдарға жағымды әсер етеді, олардың белсенді шығармашылық етуіне тартқы болады.

Жасыл: салмақты түс. Ол негативті эмоциялардан құтылуға, шаршау сезімін азайтуға көмектеседі және де адамның жүйке-жүйесіне тыныштандыратын әсер көрсетеді.

Ашық көк: тынышталдыратын түс, тыныштықты және батылдықты білдіреді. Бұл түс адамды демалуға және босаңсытуға орналастырады.

Көк: ауыр тиетін түс. Ол адамды үсіну сезіміне ұшыратады, қашықтықты айқын көрсетеді.

Күлгін:басым түс. Бұл түс ауырлық пен бату сезімдерін шақыртады.

Ақ:адам бойында тазалық пен балаусалық сезімдерін тудыртады.

Сұр:апатия, көңілсіздік сезімдерін туғызады.

Түстің оптикалық қасиеттері бар. Оның қасиеттері туралы айта кететін болсақ, қатарына заттың сыртқы пішінін өзгертетін түстерден туындаған оптикалық иллюзиялар мен оптикалық құбылыстарды жатқызуға болады.

Кейбір жылы және суық түстер тобының негізгі оптикалық ерекшеліктері 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Түстердің оптикалық ерекшеліктері

Қызыл, сары, қызғылт-сары	Күлгін, көк, ашық көк
Жылы, ауыр, материалды, берік, жалпақ	Жеңілділік, материалды емес, өткізгіштік.
Фактуралы, бұдыр, күңгірт	Кеңістік
Кеңейту, көлденең бойынша жайылады	Фактурасыз, тегіс және жылтыр

Доғаға бағынышты Саңырау, шуылдаған, аласа	Сығу, тігінен бойынша таралады Суық, өткір және тікен, бұрышқа бағынышты Жай, сылдырлаған, биік
---	--

Түс ақпарат беруге, көңіл-күй тудыруға, емдеуге, тынышталдыруға, қыздыруға және де шығармашылыққа шақыруға қабілеті бар. Бір пейзаж (объект), жарықтандыруға байланысты қуаныш сезімін, немесе, керісінше, төніп келе жатқан қауіп сезімін тудыруы мүмкін.

Түс басқа түстер қатарында немесе сол түстермен байланыста болғанда өзінің толық сипаттамаларын көрсете алады. Бұл заңнама тең дәрежеде жылы және суық түстер топтарына қолданылады. Суық түстер ақ фонда көзге алға шығып тұрғандай болып көрінеді. Ал, сұр фонда, біркелкі жарықтандырумен қамтамасыз етілген жағдайда, көзге жылы түстер алға, суық түстер артқа кеткендей болып көрінеді. Түстің көмегімен кеңістікті кеңейтуге, не кішірейтуге болады. Түс психологиялық сезімдерді тудыруы мүмкін. Мысалы: адамда жылы немесе суық сезімдерін шақырта алады. Түстің көмегімен заттың өлшемін үлкейтуге болады-ақ түс кеңейтуге, ал қара, әрине, кішірейтуге мүмкіндік береді. Кең бөлмені қара түсті қабырғалардың көмегімен тарылтуға болады, ал жалтыраған ақ төбенің көмегімен бөлме биіктігін үлкейтуге болады. Төбенің түсі қара, ал қабырғалары ашық түсті болса, бөлме көзге аласа және жалпақ болып көрінеді. Бөлменің биіктігін кішірейту үшін еден мен төбені қара түске бояу керек. Бөлменің тереңдігін көзге кеңейтіп көрсету үшін бүйір қабырғасын (торцевая стена) ашық көк түске бояуға болады. Егер де қаптал қабырғаларын қара түске боясақ, бұл әсер күшейе түседі. Бірақ бүйір қабырғаны қара түске, ал қаптал қабырғаларын ашық түске боясақ, бөлме тереңдігі көзге кішірейіп көрінеді. Ашық төбе мен қабырғалардың көмегімен адам көзіне бөлме биіктігін биігірек, ал тереңдігін кеңірек көрсетуге болады [3, Б. 132-135].

Ашық сарғыш түстер гаммасының үлкен ақ беттермен үйлесімі бөлмені ауамен толтырып қана қоймай, сонымен қатар адамды лирикалық көңіл-күйге орналастырады. Ашық түсті бөлмелерде көк түс адамды толғануға, ойлануға бағыттайды, ішкі концентрациясына ықпал етеді және балғындық сезімін береді. Қызыл түс өте белсенді болып табылады, тіпті интерьердегі шағын қызыл түсті бөлшек адамға психологиялық белсені басым болып келеді. Қоңыр-кертартпалықтың (консерватизм) түсі, сол үшін интерьерде қоңыр түстің көп болуы меланхолияға және мұңдылық сезіміне әкелуі мүмкін. Сондықтан оны мұқият пайдаланып, басқа ашық және салқын реңді түстермен үйлестіруге болады[4, 52 б.].

Осылайша, түсті қолайлы ахуал жасаудың қуатты құралы болып табылатыны екендігін айтуға болады. Бөлменің ішкі көрінісіндетүсті ғылыми тұрғыдан қарағанда дұрыс қолдану оның функционалды-бейнелі айқындылығын арттыра түседі, затты кеңістіктік қоршаған ортаны психологиялық қабылдауына жағымды әсер етеді, сонымен қатар толық және үйлесімді кеңістікті құруға көмектеседі. Дұрыс таңдалған түс адамда үйлесімділік сезімін тудыртады, оның көңіл-күйін және жұмыс жасауға деген ұмтылысын арттыра түседі. Ал, қате таңдалған түстік гамма ашуланшақтық, қарсылық және қолайсыздық сезімін тудырады.

Қолданылған әдебиет

1. Иттен Иоханнес. Искусство цвета.– М.: Д.Аронов, 2004. – 96 с.
2. Методические рекомендации к самостоятельной работе по дисциплине «Технология цвета» / сост. Л.П.Депсамес, Н.А.Жаркова. – Н.Новгород: НГПУ им. К.Минина, 2012. – 56с.
3. Кьяццари С. Цвет для жизни / Сузи Кьяццари; – М.: Эксмо, 2010. – 256 с.
4. Ильина О.В., Бондарева К.Ю. Цветоведение и колористика: учеб.пособие. Санкт-Петербург,СПбГТУРП, 2008. – 120 с.